



Нұрболат МЕШІТБАЕВ

8 наурыз – әйелдердің Халықаралық мерекесі қарсаңында облыс әкімі Нұралы Садуақасов еңбегімен елеулі болып, мемлекеттік наградаға ие болған, кәсіпте де, әлеуметтік салада һәм отбасында да құрметке бөленген нәзік жандарымызды қабылдап, сый-құрмет көрсетті.

– Сіздердің қажырлы еңбектеріңізді құрметтейміз. Кейбір мемлекеттерде, тіпті, бастауын алған Германияның өзінде бұл мерекені атап өтпейді. Ал, біздер көктемнің алғашқы күндерінде келетін мерекеге аса бір көңілмен, шын ниет, ықыласпен қараймыз, – деді өңір басшысы.

Бұл игі шараға облыстық "Мерейлі отбасы" байқауында жеңімпаз болып, республикалық дәрежедегі жарыста лауреат атанған Жаңбыршыновтар отбасының тірегі, көп балалы ана, 12 немере сүйіп отырған ардақты әже, зейнеткер Бижамал Жаңбыршынова,

мәдениет саласында ұзақ жылдары тер төгіп, басшылық міндет атқарған, "Құрмет" орденінің иегері Римма Ғайсеннова, Қостанай ауданы ардагерлер ұйымының төрайымы, "Шапағат" медалінің иегері Надежда Мураева, әріптесіміз Қазақстанның құрметті журналисі Күлтай Әбдірахманова сияқты ұрпаққа үлгі болған аяулы аналар мен әйелдердің қатысқандығын айтуға болады.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

"Нұр Отан" әйелдер қауымын марапаттады

Әйелдердің Халықаралық мерекесі күні қарсаңында "Нұр Отан" партиясының Қостанай облыстық филиалында игі іс шара өтті. Партия құрамындағы өңіріміздің нәзік жандылары бас қосып, облыстық филиалдың бірінші орынбасары Әлия Сапарова жиналған қауымды құттықтап, мақтау қағаздарын берді.

– Көктем осы мерекемен есік қағатыны белгілі. Бұл күні тек жер-дүние ғана емес, барлық әйел заты шат-шадыман күйге еніп, көңілдері көтеріліп, бір жасарып қалатыны анық. Бүгін Сіздердің бас қосқандарың біз үшін үлкен құрмет, абырой, – деп Ә.Сапарова елге еңбек сіңірген, әлеуметтік салада қарым-қабылетімен айрықша көрінген әйелдерге жылы лебізін білдірді.

Басқосуда партия құрамындағы көп



балалы аналар Қарлығаш Балапанова, Светлана Сон, еңбек ардагерлері Вера Семенова, Роза Атымтаева, Надежда Мураева, мемлекеттік қызмет және банк ме-


кемелерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Римма Ғайсеннова сияқты абзал жандар қатысты.

– Биыл өздеріңіз білетіндей, Жеңістің 70 жылдық мерекесі аталып өтпекші. Сол игі шараға "Нұр Отан" партиясымен бірлескен бірталай жобаларымыз іске асуда. "Ардагерлерді ардақтайық" жобасы негізінде көп дүниеміз түгенделіп қалды. Тағы бір тамаша акцияның нәтижесінде түү сонау Ресейдің Красноярск өңірінен қоңырау шалып, өз туған-туыстарына іздеу салған жандар да табылып қалды. Бұл біздің бірлескен жұмысымыздың нәтижесі, – деді облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Вера Семенова.

Мәжіліс соңында жыл сайынғы

дәстүр бойынша барлық жиналған әйелдер қауымына партия атынан гүл шоқтарын тарту етіп, сый-сияпат жасалды.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Мерекенмен, майдангер ана!

Қымбат
ДОСЖАНОВА

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалы ҰОС-на қатысқан нәзік жандыларды мерекемен құттықтады. Партиялықтар облыс орталығында тұратын жиырма екі майдангердің үйіне барып, сый-құрмет көрсетті.

Партиялықтардың құттықтауын алған ардагер ананың бірі – Валентина Гальцова. Ол 1923 жылы 12 сәуірде Орынбор облысы, Бузулук қаласында туған. Ұлы Отан соғысы басталған жылы алғашқылардың бірі болып Қызыл Армия қатарына алынды. Кеңес армиясының сапында екі жыл қызмет етіп, Сталинград үшін болған шайқасқа қатысқан. Ұрыс даласындағы ерлігі үшін 1943 жылы "Сталинградты қорғағаны үшін" медалімен наградталды. Майдан даласында мерген болды, ұшаққа снаряд тасыды. От пен оқтың ортасында жүріп жараланды. Нәтижесінде екінші топтағы мүгедек атанды.

Соғыстан кейінгі бейбіт заманда мұғалім болып қызмет етті. Шәкірттерге биология пәнінен сабақ берді. 1949 жылы Куйбышев ауыл шаруашылық институтын агрономия факультетін бітіріп, комсомол жолдамасы бойынша Қостанайға табан тіреді. Тың және тыңайған жерді игеруге қатысты. Міне сол уақыттан бері майдангер Тобыл жағалауындағы шаһарда өмір сүруде.

Өмірден көргені мен түйгені мол қария құттықтай келген азаматтарға алғысын білдірді. Партиялықтар майдангерге бір құшақ гүл сыйлап, ардагердің естелігін тыңдады.

– "Ардагерлерді ардақтайық" партиялық жобасы аясында соғысқа қатысқан нәзік жандыларды мерекемен құттықтауды жөн көрдік. Себебі сұрапыл жылдары әйел-аналарымыз ер азаматтармен иық тіресе қару асынып, майданға аттанды. Кешегі Әлия мен Мәншүк сынды мыңдаған әйел қаһармандықтың жарқын үлгісін көрсетті. Батырларымыздың арқасында қазіргідей тыныш елде, бейбіт заманда өмір сүрудеміз, – деді "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бақытбек Сәндібеков.

Индустрияландыру мәселесі талқыланды

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Облыстық мәслихатта өңірдегі мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасының алғашқы бесжылдығы талқыланды.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтқанындай, бұл бағдарлама әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарынан орындалуды, ел тұрмыс-тіршілігінің бір арнаға түсуін қамтамасыз етеді. Өткен жыл алғашқы бесжылдық жоспарды тиянақтап беріп, аймақ экономикасының жақсы жағынан өскендігін көрсетті.

Өндірістік кәсіпорындар саны артып, былтыр жарты триллион теңгенің өнімі өндірілді. Яғни, 2013 жылмен салыстырғанда 2 млрд-қа өскендігін байқатты. Тау-кен өндірісіндегі темір рудасы, боксит, асбест, алтын өнімдерінің шығарылу көлемі 300 млрд-қа жуықтаған.

Машина құрастыруда да 34% артқандығын аңғартады. "Агромаш-Холдинг" АҚ мен "СарыарқаАвтоПром" қазірдің өзінде жеңіл көлікпен қатар қоғамдық һәм апаттық жағдайда қолданылатын арнайы көліктерді құрастыруда.

Осы төңіректе облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Мейрам Сөкітбаев халық қалаулыларына есеп берді.

Бұдан да басқа агроөнеркәсіп саласы да тыс қалмады. Ет, сүт өнімдерінің экспорты мен импорты да кеңінен баяндалды. Мемлекеттік индустриалды карта бағдарламасының негізінде әр қала мен аудан өз жобаларын осы бес жылдықтың ішінде тиянақты орындағанын да жеткізді.

Басқарма басшысы алдағы бес жылда да біраз атқарылатын жобалар негізін қысқа-нұсқа айта отырып, қаржы дағдарысының салдарынан қалтарыста қалып қойған кейбір жобалардың да жүзеге асатынын әңгімеледі.

Әлемнің нұры –

Ананың пейілі

– "Әйел болу – ең азап 1-бет һәм қиын", – депті орыс ақыны Борис Пастернак.

Бұл сөзге осы жердегі барлық әйел заты қосылады деймін. Дүниенің ауыртпалығын тек қана әйел-ана көтере алады. Ол – отбасының ұйтқысы. Ол – қайсар еңбеккер жан. Ол – өмірдің жалғасы ұрпақ өкелер Ана. Ол – ертең Отанына жау шапса, қолына қару ұстар жауынгер! Міне, осындай сан қасиет әйелдің бойынан табылады – деді Надежда Мураева тебірене сөйлеп. – Мемлекетіміз бізге де, басқаға да қамқор болып, ішкі тұрақтылықты берік ұстап отыр. Біз осыдан танбауымыз керек. Мынадай күнді атап өтпек түгілі, арасынан қыл да өтпейтін кешегі дос-бауыр ел Украинадағы жағдайды бәріңіз жақсы білесіздер!

Надежда Мураеваның сөзін

Римма Файсенова да одан әрі жалғай түсіп:

– Рас. Бұл ең алдымен ынтымақты айрандай ұйытып отырған Елбасының һәм оның саясатын қолдаған барша халықтың абыройы. "Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді" деп Мұхтар Әуезов айтқандай, өмірде әйел-анаға түсер ауыртпалықтың салмағын осыдан-ақ шамалауға болады, – деді.

Сондай-ақ, басқосуда полиция және төтенше жағдайлар қызметіндегі әйелдер, спортшы қыздар да сөз сөйлеп, құрметтеп шақырып, арқа-жарқа шай іше отырып еркін әңгімелескендеріне ризашылық айтты.

– 8 наурызсыз көктемнің кел-

месі анық. Яғни, көктемді шақыратын осы атаулы мереке, Сіздердің шат күлкілеріңіз, ниет-пейілдеріңіз! Әлемнің нұры – Ананың шын пейілінен. Көктем-көңіл деген осы! – деп Н.Садуақасов көтеріңкі көңілмен тілек айтып, басқосудың соңы әншашуға ұласатынын, Ресейдің көршілес Челябин қаласынан өнер ұжымы арнайы келгендігін жеткізді.

"Status-men" тобы әрі мемлекеттік "Урал" би ансамблі өнерлерін паш етіп, жиналған қауымды әнге де, биге де разы қылды.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ

Интернаттың балалары интернетке қосылды

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған №2 Қостанай түзету мектеп-интернаты лимитсіз интернетке қосылды. Бұдан кейін интернаттың тәрбиеленушілері интернетті емін-еркін пайдалана алады. Балаларға базарлық жасаған – Билайн компаниясы.

Аталмыш мектеп-интернатында жетім балалармен қатар денсаулығында ауытқуы бар жас буын тәрбиеленуде. Интернеттің ұстаздары балаларға білім беріп, оң мен солын тануға көмектеседі. Қазіргідей технологияның ілгері басқан заманында компьютердің көмегі керек-ақ. Ал ғаламтордың қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан Билайн ұялы байланысы "Шексіз мүмкіндіктер" республикалық жобасы аясында интернатқа интернет қосуды жөн көріпті. "Шексіз мүмкіндіктер" әлеуметтік жобасы былтырғы жылдың ортасында бастау алған. Бағдарлама бойынша Павлодар, Алматы, Шымкент, Петропавл,



Қостанай қалаларындағы әлеуметтік мекемелер жоғары жылдамдықты интернетке қосылды.

– Бұл балалардың өмірлік тәжірибелері мол. Олар жастайынан қаншама оқиғаларды бастан кешті. Айналасын танып-білмей жатып ана-ананың қамқорлығынан айырылды. Асырап алған отбасылар интернатқа қайтадан өткізген жағдайлар да болады. Міне, осы оқиғалар балалардың жұдырықтай жүректеріне сызат түсіреді. Сондықтан бұл балақайларды жарқын болашаққа сендіру қиын. Оларға ақыл-кеңес керек емес. Олар қамқорлыққа зәру, – деді №2 Қостанай түзету

мектеп-интернатының директоры Владимир Рубинский.

Иә, бұл жерде сәби шағынан тағдырдың тосқауылына тап болған балалар тұрады. Олар 15 жасқа дейін осы жердің тәрбиесінде болады. Балғындар ата-ана қамқорлығын көрмесе де, өмір мектебінде сабақ алуда. Интернаттағы 152 жәудіркөзді ескеріп, заман ағымынан қалдырмай интернетті қосып берген Билайн ұялы байланысының бас-тамасы өзгелерге үлгі.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

СОТ ЗАЛЫНАН

Ең қатаң жаза кесілді

Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ

6 наурыз күні Қостанайда бірнеше адамның қанын мойнына жүктеді деп айыпталған 31 жасар Денис Лесниковқа қатысты қылмыстық іске нүкте қойды. Сотталушыға ҚР ҚК 175, 121, 96, 324, 125, 120 баптарының бірқатар тармақтары бойынша айыптар тағылды.

Естеріңізде болса, былтырғы жылдың ең атышулы әрі шырмауы көп, құпиясы мол қандықол оқиға – 7 жасар Виктория Ганяның өлімі болатын. Көктем айында кеншілер қаласында із-түссіз жоғалған бүлдіршінді полиция өкілдерімен бірге еріктілер де жұмыла іздеген еді. Арада бір ай өткенде Руд-

ныйдың сыртындағы құрылыс қирандыларының бірінен айуандықпен өлтірілген қыз баланың мүрдесі табылды. Алайда бұған кінәлі адам біраз уақыт бой ұстатпай жүрді. Осы оқиғаны тергеу кезінде куәгерлердің сипаттауы бойынша бір ер азамат күдікті ретінде ұсталған еді, бірақ оның қылмысқа қатысы жоқтығы анықталған болатын. Ақыры күдікті ретінде Қостанай қаласының тұрғыны, бұрын сотталған Денис Лесников өткен жылдың 1 тамызынан бері қамауға алынды. Айтпақшы, сотталушы В.Ганядан басқа тағы үш адамды өлтірді және ұрлық жасады деп айыпталып отыр. Бұған дейінгі сот отырыстарының жабық түрде өтіп келгенін айта кету керек.

Қостанай облысының қылмыстық



істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Денис Лесниковты өмір бойы бас бостандығынан айыру туралы үкім кесті. Сотталушы қалған ғұмырын айрықша тәртіптегі колонияда өтейтін болады. Сонымен қатар, Лесников зардап шеккендерге материалдық және моральдық шығынын төлеуге міндетті.

Үкім барысында судья Лесниковтың жасаған қылмысы қауіпті саналатынын атап өтті. Айтпақшы, сот үкімі аяқталып, қамаққа әкетілгелі тұрған сотталушы жұлқынып, айдауылдарға бой бермей, айқайға басты. Судьяға, прокурорларға бейәдеп сөздер айта бастаған Лесниковты қолдарын қайырып, залдан тез арада алып кеткеннен басқа амал қалған жоқ.

Облыстық мәслихат есеп берді

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Өңір басшысы Нұралы Садуақасовтың қатысуымен Қостанай облыстық мәслихатының кезекті сессиясы болып, мемлекеттік жастар саясатының жергілікті жерде жүзеге асырылуы мен облыстық мәслихаттың былтырғы жылғы атқарылған жұмыстары қорытындыланды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша облыстық жастар ісі жөніндегі басқармасы басшысының міндетін атқарушы Динара Қарымсақова бұған егжей-тегжейлі тоқталды. Әсіресе, жастардың жұмысқа орналасуы, тұрғын үймен қамтамасыз етілуі сияқты мәселелер түйтілінің әлі де орындалып жатқанын сөз етті.

Біздің өңірде жасы 14 пен 29-дың арасындағы жастарымыз 230 мыңға жуық екен. Яғни, барша тұрғындарымыздың 26% құрайды. Әлеуметтік зерттеу деректеріне сүйенсек, олардың тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілгендері 65-70% көлемінде ғана болып шыққан. Әр қала, аудан орталығындағы жастар ісі жөніндегі бөлімдер әлі күнге дейін осы мәселені шешумен айналысып келеді. Сондай-ақ, салауатты

өмір сүруге де қызықтырушылық іс-шаралары ұйымдастырылады екен.

– Жастарды қолдау мақсатындағы «Жастар тәжірибесі», «Жасыл Ел», «Дипломмен – ауылға» әлеуметтік бағдарламалары қазір қарқын қосып дамып келеді, – деді Динара Иосифқызы. – 2009 жылдан бастау алған ауылға жас мамандарды тартатын бағдарлама өңіріміздің барлық аудандарында іске асырылып, содан бері 3300-ге жуық маман тартылған. Тек қана өткен жылы 500-ге жуық жастар мамандығына сай ауылда қызмет атқарып отыр.

Иә, бұл мәселенің өңірде жақсы дамып жатқан көңіл қуантады. Бірақ ауылдарға сонда да дәрігер мамандығы тапшы. Міне, сол мәселе тұрғысына келгенде Д.Қарымсақова:

– Бұған әрине, денсаулық саласы басқармасымен бірлесе жұмыс атқаруымыз. Кей жерлерде керек мамандыққа зәрулік болып тұр, – деп ашығын айтып, бұған болашақта жоспарлы түрде жұмыс істейтіндіктерін жеткізді.

Осы мәселе ауанында тағы бірнеше жастарымыз да өз ойларын жеткізді сессия барысында.

Ал, облыстық мәслихат хат-

шысы Сайлаубек Ещанов алдымен Елбасының халыққа Жолдауына тоқталды. Сондағы жергілікті билік пен өкілетті органдардың бірлесе атқаратын жұмыстарын тізбелеп өтті.

– Былтыр біз үшін ерекше жыл болғандығын жасырмаймыз. Мәслихаттарға 20 жыл толып, сол аралықтағы барлық атқарылған шаруалар қатталып, тарихқа жазылды. Қазір өңір экономикасы қалыпты деңгейде, – деді мәслихат хатшысы. – Бірақ бұл үшін жайбарақаттық танытуға болмайды. Облыстық бюджетті де бекітер кезде біздер әр саланың өрісті дамуын ойлап, қадағалап отырамыз. Биылғы жылы да сол қарқында жұмыс жүргіземіз, – деп сөзін түйіндеді.

Бұдан кейін Нұралы Садуақасов жастар ісі жөніндегі басқарманың нәтижесін облыстық мәслихаттың атқарып жатқан қызметтеріне пікір айтып, әр істің, әр саланың өз түйіні болатынын, бірақ соны дер уақытында шешу қажеттігіне тоқталды. Себебі, жалғанды жалпағынан басқан қаржы дағдарысы бізді әр тараптан ойлауға жетелеуде. Сондықтан қай істі болмасын мұқият зерттеп, тиянақтап жұмыс жүргізген қажет-ақ деген рәуіште сөз айтып, ой қорытты.

Апатты жағдайға дайындық пысықталды

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Қар көбесі сөгілге бастар тұста жылдағы дәстүрге сай өңір басшысы Н.Садуақасов төтенше жағдайлардың алдын алу шараларына байланысты іс-шараның барысы жайында танысатыны белгілі. Сол әдетпен апаттық құтқару, бақылау-қадағалау, жедел жәрдем көрсету қызметтерінің жай-жапсарын байқап, олардың орындалу әрі жою шараларын көрді.

Төтенше жағдай бола қалғанда зардап шеккен халыққа алғашқы көмек көрсетудің жылдамдығын қалай ұлғайту керек, оған техникалық қуатымыз жеткілікті ме? Бұған алғашқы міндеттер қалай жүргізіледі? Міне, осындай өзекті сұрақтармен келген облыс әкімі құтқарушы қызмет өкілдерімен кеңінен әңгімелесті.

– Апат айтып келмейтіні анық. Алда-жалда төтеннен бола қалса, бұған қарсы қолданар қандай амал-қуатымыз бар? Техникаларымыз жеткілікті әрі сапалы ма? Қызметкерлердің жеделдігі қаншалықты орындалады? Осы әлпеттегі сұрақтарға жауап болуы керек, – деді Нұралы Садуақасов.

Бұған құтқарушы сарбаздар дайын екендіктерін, әсіресе, аймақтың қауіпті дейтін жерлеріне жылдам жұмылдырылатынын жеткізді.

Біз үшін Жітіқара, Таран, Торғайдағы көктемгі су тасқыны болады-ау деген аймақ жіті бақылауда екен. Кезі келгенде мұзды жарып қопару істері қолға алынатынын төтенше жағдай басқармасының өкілі мәлімдеді.

– Сіздер өз ісінің шебер маманысындар, – деді облыс әкімі. – Бірақ, сол қауіпті деген аймақтағы халықты құтқарып қана қоймай, дер шағында ақпараттандыру да маңызды. Неғұрлым Төтенше жағдай министрлігінің күштері мен құралдарын



өп-сәтте орналастыру, халықтың нәтижелі материалдық залал шығынын азайтудың алдын алу керектігін де ескертіп қоямын.

Құтқару бағытында жүргізілген іс-шарада жол талғамайтын автокөліктер, мұнаралы шам, моторлы қайықтар, телекоммуникация, спутниктік қызмет машинесі, скафандрлер қойылып, олармен қалай жұмыс істейтіндігі көрсетілді.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Тобыл Торғай Тынысы

Электр қуаты арзандайды

Наурыз айынан бастап, елімізде электр қуатының құны түседі. Бұл туралы ҚР Ұлттық экономика министрлігі хабарлауда. Қазіргі таңда, табиғи монополияны реттеу комитеті «КЕГОС» АҚ баға саясатын бақылауға алған. Мекеме өкілдерінің уәжіне құлақ асар болсақ, баға екі сатымен төмендейді. Электр жарығының арзандауына Екібастұз электр станциясының қызмет бағасын төмендетуінің себеп болғанын айта кеткен жөн.

Бала денсаулығы – басты назарда

Таран. Аудан прокурорлары орта білім беру мекемелерін тексерді. Шара барысында жеткіншектердің конституциялық құқықтары сақталмайтыны анықталды. Мемлекеттік жалпы орта білім беру стандарттарына сәйкес, жергілікті атқару органы және жалпы білім беру ұйымы оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жағдай жасауға міндетті. Алайда аталмыш ауданның мектептерінде жарықтандыру, бөлмелердегі жылу тәртіптері сақталмаған.

Жаңа есімдермен толықты

Облыста. ҰОС-дағы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Жеңіс саябағындағы ескерткіш тақтаны жаңарту қолға алынғаны белгілі. Қайта қалпына келтіру жұмыстарының нәтижесінде 164 майдангерлердің есімі анықталып, ескерткіш тақтаға жазылған. Күні бүгінге дейін аты-жөндері аталмай келген белгісіз солдаттарды анықтауда қалалық ардагерлер кеңесінің еңбегі ерен.

Дін мәселелері талқыланды

Облыста. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының тікелей тапсырмасымен РАНТ тобының мүшесі Ж.Қоспақов Тобыл өңірінде болып қайтты. Дін қайраткері осы сапарында облыс орталығындағы құрылыс колледжінде және жазасын өтеп жатқандарды еңбекпен түзету мекемесінде, облыс орталығындағы екі мешітке жұртшылықпен жүздесті. Сонымен қатар, Марал ишан мешітінде мәртебелі мейманның қатысуымен, төрт күндік семинар өткізілді.

Аналар мерекесі аталып өтілді

Арқалық. Қалалық қазақ жасөспірімдер театрында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай салтанатты жиын өтіп, қала әкімі Ғ.Бекмұхамедов мереке иелерін құттықтады. Әр салада жемісті еңбек етіп жүрген қыз-келіншектер қала әкімінің грамотасы және алғыс хаттарымен марапатталды. Көктемнің алғашқы мерекесінде «Жас - Ұлан» жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен мерекелік концерт ұсынылды.

Полицияның үздіктері

Рудный. ІІБ нәзік жанды қызметкерлері арасында «Ал, қа-некей қыздар-ай» байқауы өтті. Басқарма басшылары мен «Нұр Отан» партиясы өкілдерінен құралған қазылар алқасы 6 номинация бойынша үздіктерді іріктеді. Сынақтардан сүрінбей өткен полицияның кәмілетке толмағандар ісі бойынша учаскелік инспекторы В.Краснова «ІІБ сұлуы» атанды. Сондай-ақ, полиция капитаны А.Қарымсақова, әділет аға лейтенанты А.Аленова, полиция лейтенанты А.Бірімжанова, қатардағы Т.Ансабаева мен Ғ.Нұрахметовалар үздіктер қатарынан көрінді.

20 мың теңге үшін жан қимақ болған

Жітіқара. Дүкенге қарақшылық шабуыл жасап, 20 мың теңгені жымқырмақ болған қылмыскерге қатысты сот үкімі шықты. Айыптау хатына жүгінер болсақ, дүкеннің түскі үзіліске жабылғанын пайдаланған 28 жастағы Р.Сисембаев есікті бұзып кіріп, 20 мың теңгені қолды қылмақ болған. Абырой болғанда, осы уақытта сауда орнына келген сатушыны өлтірмек болған әрекетінен түк шықпады. Ауыр дене жарақаттарын алған сатушы облыстық ауруханада ұзақ емделіп, ажалдан аман қалды. Ал, айыпталушы 11 жылға бас бостандығынан айрылды.

● ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН



– Үкімет тарапынан отандық автоөндірісті қолдау жөнінде шешім қабылданды. Бұл салаға 20 млрд. теңге бөлінеді. Оның 5 миллиард теңгесі лизингтік бағдарлама арқылы коммерциялық техникаларды сатып алуға жұмсалады. Ал 15 млрд. теңге тұтынушыларды қолдауға бағытталады. Бұл өндірісті құлдыратпай, жұмыс орындарын сақтап қалу үшін жасалған үлкен көмек, – дейді тілшілерге арнайы берген сұхбатында ҚР Ұлттық экономика министрінің орынбасары Тимур Жақсылықов.

Соңғы жылдары елімізде автокөлік құрастырудың қазақстандық үлесі артып келеді. Әзірге өндіріс көлемі

КӨЛІК ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙМАҚ

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Қостанайдағы көлік шығаратын "АгромашХолдинг" және "СарыарқаАвтоПром" кәсіпорындарына ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Тимур Жақсылықов бастаған бір топ делегация келді. Оның құрамында Алматы, Ақмола облысының және Астана қаласының өкілдері бар. Жаңа көліктерді таныстыру рәсіміне қатысқан министрлік өкілдері, сала мамандары Тобыл өңірінде құрастырылған автокөліктер қызықтыратынын жасырмады.

Қонақтарға заманауи техниканың қызметі нақты іс жүзінде көрсетілді. Олар тіпті, отқа оранған көлікті бас-аяғы үш-төрт минуттың ішінде ауыздықтап үлгерген заманауи техниканың мүмкіндігіне ризашылықтарын қол соғып, қошеметтеу арқылы білдірді. Қазақстандық өрт сөндіру машиналарының шетелдік көліктерден еш кем еместігін Алматы облысының өкілдері де жақсы біледі. Олар бір ай бұрын Қостанайда құрастырылған осындай машиналардың 24-ін сатып алған еді.

– Бұл көлік АЦЛ-3-40-17 деп аталады. Мұнда екі функция бір-ақ атқарылады. Өрт сөндіруге арналған құрал-жабдықтары бар. 17 метрлік автосаты 5-ші қабаттан адамдарды құтқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытқа дейін барлық техникалар өзін тек жақсы жағынан көрсетті, – дейді Алматы облыстық ТЖД "Өрт сөндіру және апаттық құтқару жұмыстары қызметі" ММ басшысының орынбасары Данияр Ысқақов.

Жалпы, Қостанайдағы қос автокәсіпорын техниканың қай түрін де шығаруға қауқарлы. Қазірдің өзінде мұнда әлемдік бренд саналатын жеңіл көліктің жеті түрі құрастырылады. Мәселен, үстіміздегі жылы кәсіпорында Қытайдың "Джили" және "Джат" жеңіл көліктері конвейерден шықты. Оның сыртында өрт сөндіру, жедел жәрдем ауыл шаруашылық, ауыр жүк көліктері, бетон араластырғыш машиналар, құдық қорғау органдарының қызмет көліктері, кран тәрізді заманауи техникалар құрастырылып жатыр. Енді таяу жылдары жолаушылар тасымалына аса қолайлы "Ивеко" автобустарын шығаруды қолға аламыз дейді.

– Алдағы уақытта біз қаладағы қоғамдық көліктерді Қостанайда құрастырылған автобустармен алмастырамыз. Әрине, біз үшін ең маңыздысы жолаушылар тасымалымен айналысатын көліктердің экологияға залал келтірмегені абзал. Сіздердің кәсіпорындарыңыз бұл ұсынымымызды қолдап отыр. Сондықтан, келісім жасасатын болдық, – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Юрий Ильин.

Алматы облысынан келген делегация өкілдері "АгромашХолдинг" зауыты шығаратын жанар жағар-май тасушыларға қызығушылық танытты. Олар осыған дейін 34 көлік әкеткен. "Біздің компания бірнеше жаңа көліктер сатып алмақшы, – дейді "Гелиос" коммерциялық фирмасының директоры Александр Константинов. – Мәселен, отандық өндірісті қолдау мақсатында бірнеше бензин



тасымалдайтын көліктер алуды көздеп отырмыз. Өйткені, Қостанайда құрастырылған көліктерді байқап көрдік. Сапасы жоғары".

Компания бүгіннің өзінде келісім-шартта көрсетілген соманың 50% -ын төлеген. Енді жақын күндері тапсырыс берген автокөліктер өз жұмыстарына кіріседі. Сондай-ақ, Астана және Алматы қаласынан келген өкілдер де қостанайлық кәсіпорынмен бірлесіп жұмыс істеуге пейіл танытты.

30-40 пайыз шамасында. Алдағы екі-үш жылда 50 пайызға жетсе, бағасы да тиісінше арзандай түседі.

– ҚР инвестиция және даму министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінің қолдауы арқасында бізге отандық автоөндірісті өрістете түсуге зор мүмкіндіктер туып отыр. Әрі бұл сала инвестиция тартуға өте тиімді. Мәселен, көлік өндірісіне салынған әрбір 1 доллар инвестицияны кемінде 2,5 доллар етіп қайтарып алуға болады. Сол сияқты қосымша жұмыс орындары да ашылады. Биыл автокөлік құны 5 пайызға төмендейді. Ал 2018 жылға қарай көлік құрастырудағы өз үлесімізді 50 пайызға жеткізсек, бағаны 12 пайызға дейін түсіреміз. Қазір Қостанайдағы автозауыт күніне конвейерден 60 көлік шығарады. Жаңа жобалар жүзеге асса, алдағы жылы өндіріс еселеп артуға тиіс, – деп отыр "AllurGroup" компаниялар тобының президенті Андрей Лаврентьев.

Оның бұл сөзін қостанайлық өріптестері де мақұлдады. Министрлік өкілдері бастап келген делегация мүшелерін зауыттың ішін аралатып, көліктердің қалай құрастырылатындығын, жұмыс процесінің қалай жүріп жатқандығын асықпай көрсеткен кәсіпорын жетекшілері мәртебелі меймандардың назарын отандық өнімдердің сапасына аударды. Жеңіл көліктердің әр бұрандасын орнықты етіп бұрап жатқан жұмысшылар өз істерінің білгір мамандарына айналған. Көбісі осында ұзақ жылдардан бері жұмыс істейді. Ондай білікті мамандар кейінгі екі-үш жылдың бедерінде орналасқан жас мамандарға білгендерін үйретуден жалыққан емес. Соның арқасында зауытта істейтіндер көлік құрастыруға әбден машықтанып алған.

– Мен бұл кәсіпорында осыдан 5 жыл бұрын болған едім. Сол кезде зауыт көлік шығаруды өндіенді қолға алып жатқан болатын. Қазір қостанайлық өндіріс бүкіл жұртқа жақсы танымал. Оның шығарған көліктері еліміздің кез келген өңірінде жүйткіп жүргенін білеміз. Үкімет еліміздегі автокөлік өндірісін жаңғыртуға қыруар қаржы бөліп отыр. Бұл кәсіпорындарды сауықтыруға бағытталған зор көмек, екіншіден тұтынушыларға аса тиімді, – дейді Тимур Жақсылықов.

Елбасы Н.Назарбаевтың өзі барша қазақстандықтарға тек отандық өнімдерді сатып алуға кеңес берді. Яғни, өз өнімдерімізді тұтынғанда ғана ел экономикасы еселене түседі. Жоғарыдай айтқанымыздай Қазақстанда жасалған кез келген өнім сырттан тасымалданатын тауарлардан асып түспесе, кем емес. Бағасы да қарапайым халық үшін өте қолжетімді. Қостанайда шығарылып жатқан автокөліктерді көбірек пайдалану үшін тұтынушылар бар жеңілдіктер қарастырылады.

СУРЕТТЕРДЕ: ҚР Ұлттық экономика министрінің орынбасары Тимур Жақсылықов; Делегация мүшелері кәсіпорынды аралауда; Алматы облыстық ТЖД "Өрт сөндіру және апаттық құтқару жұмыстары қызметі" ММ басшысының орынбасары Данияр Ысқақов; Қазақстанда жасалған өнімдер.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Асыл тұқымның берері мол немесе генетикалық ресурстарды тиімді басқарудың жолдары қандай?

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Жер бетіндегі адам санының күрт өсуі азық-түліктің тапшылығына әкеп соғып жатыр. Әлемнің небір ғалымдары осы түйткілді шешу жолында жұмыстар атқарып жатса, Біріккен Ұлттар Ұйымы жанынан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін (ФАО) бөлім құрылды. Ал бұл шараға біздің еліміздің ғылым саласы өкілдері 2005 жылдан бері үлес қосып келеді.

Мыңдаған жылдар бойы сайын даламыздың төсінде тұнықтан суғарылып, құнарлы жердің шүйгінін қорек еткен төрт түлігіміздің қазаққа әлі талай заман адал азық болары сөзсіз. Дегенмен осы төрт аяқты қазынамызды келешек ұрпаққа сақтап қалу жолдары ғалымдарымызды алаңдатпай отырған жоқ.

Өңірімізде Қазақстандағы генетикалық ресурстарды тиімді басқару мен оны сақтап қалу мәселесі төңірегінде өткен семинардың алғы сөзінде еліміздің Ауыл шаруашылығы академиясының вице-президенті, ҰҒА академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Көпмағамбет Елемесов осылай деді. "Қазақ тұлпары" жылқы зауытының ұйтқы болуымен ұйымдас-

тырылған бұл басқосуға ауыл шаруашылығы саласы бойынша еліміз бен аймағымыздың ғалымдары, азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты мамандар, ғылыми-зерттеу институты мен шаруа қожалығы жетекшілері, әкімдік және малды асылдандыру жөніндегі инспекция өкілдері жиналды.

– Қазір дүниежүзінің бірқатар мемлекеттері ашаршылықты басынан кешіріп отыр. Сол себепті еліміз мал тұқымын сақтап қалып, оны асылдандыру жұмыстарын тоқтатпай жүргізе беру қажет, – деді Көпмағамбет Елемесов. – Біз Орталық Азия елдерінің ғалымдарымен бірігіп, аталған мәселені жиі талқылаймыз. Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Моңғолия, Қытай елдері Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету өңірлік орталығы болуына ниетті. Жуырда осы ұсыныс қабылданады деп күтіп отырмыз. Бұны айтып отырған себебіміз, бүгінде әлемде күн сайын малдың бір тұқымы жойылып отырады. Алысқа бармайық, кезінде біздің сахарамызда 35-40 миллионға дейін қой болса, қазір 17 миллион, ал ірі қара 10-нан 6 миллионға азайып кетті. Тек қаракөл тұқымды



6,5 миллион (дүниежүзінде алдыңғы орында) Шопан ата тұқымынан 950 мыңы ғана қалған. Соңғы жылдары мал басы қайтадан өсіп келеді. Үкіметіміз ауыл шаруашылығын дамыту саласына ерекше көңіл бөліп отыр. Жайылым жеткілікті. Жылына 5 миллион тонна сүт өндірсек те, басқа елдерден 1 миллион тоннасын сатып алуға мәжбүрміз. Біздің бар мақсатымыз – осындай тәуелділіктен

құтылып, өзімізді ғана емес, басқа елдерді де азық-түлікпен қамтамасыз ететін деңгейге жету.

Айтпақшы, еліміздегі әр сиырдан жылына орташа 2250 литр сүт алынады. Ал облысымыздағы К.Маркс атындағы серіктестікте бұл көрсеткіш 6 мың литрге жетеді. Осындай мол өнім бере алатын шаруашылықтар саусақпен санарлық. Ғалымдар мұндай теңсіздік малдың селекциясының әлі де дұрыс жолға

қойылмау салдарынан дейді.

Ал Қазақстанда малдың тұқымын сақтап қалу арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету науқаны қалай жүзеге асырылмақ? Бұл мәселе жөнінде ҚР ФАО ұлттық үйлестірушісі Талғат Қарымсақов баяндады. Айтуынша, ұлттық стратегия 9 бағыт бойынша жасалған. Қамбар атадан өзіміздің жабы, мұғалжар, қостанай, көшім, адай тұқымдарымыз бар. Ал сиырдың ақбас пен әулікөл төлдері де өсімді қажет етеді. Қазір шет мемлекеттерден, әсіресе, Аустралия, АҚШ, Канададан Зеңгі баба тұқымдарын жеткізу бәсеңдеді.

Қазіргі таңда қолда бар мал тұқымын жоғалтып алмай, қайта оның тұқымын жақсартып, сол асылдандыру саласына зор көңіл бөле білу керек. Биыл республикада малды асылдандыру бағытына бөлінген қаржы көлемі 118,9 млн. долларды құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 392,4 млн. долларға жетеді. Демек тағамның сапа құрамы жағынан ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Онда, сөз жоқ, азық түлік қауіпсіздігін сақтап қана қоймай, тағам өнімдерін басқа елдерге шығаратын қауқарымыз да арта түспек.

● "БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020"

Кәсібіңді ашып, нәсібіңді көр!..

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан 2050" стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Жолдауында 2030 жылға қарай экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесін екі есе ұлғайту үшін үкіметке нақты жаңа міндеттер жүктеген. Соның негізінде Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен экономика министрлігі бірлесе отырып "Бизнестің жол картасы–2020 мемлекеттік бағдарламасын" дайындап, еліміздің барлық облыстарында кәсіпкерлерді қолдау қолданыстарын жетілдіру жұмыстарын бастап та кетті.

Инфрақұрылымды дамыту мақсатында әрі кәсіпкерлерді қолдау үшін бір терезеден қызмет ететін жүйе өңіріміздегі кәсіпкерлер палатасының Қостанай ауданындағы филиалында ашылып, оған облыс әкімі Нұралы Садуақасов мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев және аудан әкімі, басқарма басшылары қатысты.

– Қостанай ауданы өңірдегі экономикасы қарыштап дамыған бірден-бір аудан, – деді облыс басшысы Нұралы Садуақасов. – Бұл жерде дағдарысқа қарамай шағын және орта бизнестің түртүрі ашылып, халықты жұмыспен қамтып, инфрақұрылым да соған сай ілгерілеуде. Жақында Ресей Федерациясының көршілес Челябині қаласында болып, о жақтағы бірталай кәсіпорындарды аралап, алыс-беріс, барыс-келіс мақсатында көп



жұмыс тындырдық. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бізге жүктеген міндеті тұрғысында енді міне, аудан орталығында бір терезе жүйесінде бөлімшесі тұсауын кесіп, бизнес бастайтын әрбір тұрғын

үшін қолайлы жағдай туғызуда.

Содан соң Нұржан Бауыржанұлы да сөз сөйлеп, бұл орталықтың осы жердегі кәсіпкерлер үшін тиімді болатынын, бір кеңседе отырып кәсібін түлетем деушілерге құжаттар дайындау үшін әр жерге жүгіріп, табан тоздырмайтындығын жеткізді.

Расында да аталған ғимаратта барлық жағдай жасалған екен. Тіпті, болашағын кәсіп ашудан көретін әрбір жанға түсіндіру, кеңес беру немесе оқыту жұмыстары жүргізілетін көрінеді.

Бұл жайында су жаңа орталықтың директоры Айгүл Нұрсағитова:

– Кез келген кәсіпкер үшін ең бастысы, оған қолайлы жағдай туғызу. Міне, сол ниеттен біздің бөлімше ортараптандырылған қызмет жүйесін ашып отыр. Қандай да бір керек құжат үшін кәсіпкер халыққа қызмет көрсету орталығына бармай-ақ, осы жерде-ақ аталған қағазын рәсімдеп, уақыт оздырмай тез арада жұмысын реттейді, – деп бізге шет-жағасын түсіндіріп берді.

Сондай-ақ, аудандағы архитектура және қала құрылысы бөлімі де осы ғимаратта орналасыпты. Олар да тұрғындар әрі кәсіпкерлер үшін барлық қызмет түрлерін көрсетеді.

СУРЕТТЕРДЕ: орталықтың ашылу салтанатынан көріністер. Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Жауынгерлерді еске алды

Ауғанстан соғысы 1979 жылғы 25 желтоқсанныан басталып, 1989 жылы 15 ақпанында аяқталды. Аталған соғысқа өзге одақтас елдермен бірге 22 мың қазақстандық қатысты. Жұмбағы мол ауған соғысына Қостанай облысынан 1864 адам қатысқан. Соның 44-і ұрыс даласында мерт болып, 2 адам із-түссіз жоғалып кетті. Аманкелді ауданының азаматтары да өз қатарларымен бірге Ауғанстан соғысына қатысты. Олар – Ағатанов Елебек, Қыдырбеков Нұрмұханбет, Исмайлов Хамитбек, Нұрқанов Іскендербек, Байниязов Абылай, Ибраев Бақыт. Осы аталған ағаларымыз жүктелген әскери міндеттерін абыроймен атқарды. Туған жерге оралмаған азаматтар қаншама. Әскери міндетін адал орындап қаза тапқан жерлес жауынгерлерді жыл сайын еске алып отырамыз. Еліміздің ерлерін естен шығармай біздің басты борышымыз. Ауған соғысы құрбандарының құрметіне орай А.Иманов атындағы Аманкелді мемориалдық мұражайының қызметкерлері көрме ұйымдастырды. Мектеп оқушыларына "Ауған соғысының саңлақ жауынгерлері" тақырыбында дәріс оқыды.

Жалғас ДОСБЕРГЕНОВ, А.Иманов атындағы Аманкелді мемориалдық мұражайының ғылыми қызметкері.

● "ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – 2020"

Келешегін көркейткен

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Елімізде "Жұмыспен қамту-2020" бағдарламасының жүзеге асқанына төрт жылдың жүзі болды. Осы жылдар ішінде қаншама қазақстандық несиеге қол жеткізіп, өз ісін ашуға мүмкіндік алды. Заман көшіне ілесіп, мамандығын өзгертіп, курстар оқыды. Осының арқасында өмірге икемделіп, жұмыс тапты. Мұндай үдеріс Науырым ауданында да байқалады.

Бүгінде жұмысты маған кім берер екен дейтін заман емес. "Екі қолға бір күрек" дегендер талпынып жатыр. Талпынғандар мемлекет берген мүмкіндікті уақытылы пайдаланып, жұмыс табуда. Жұмыссыздардың қатарын азайту, кәсіптік оқыту арқылы жұмысқа орналастыру "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасының басты мақсаты. Тұрақты және нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табыс деңгейін арттыруды көздеген бағдарламаның мүмкіндігі мол. Бағдарлама аясында сұранысқа ие мамандықтарға оқытуға бар жағдай жасалған. Бұл бағдарлама аудан орталығында жылма-жыл өз жалғасын тауып, жемісін беріп келеді.

Осы жолдан өзінің келешегін көркейткен жанның бірі – Нұрсұлтан Нұрғали. Ол Қожа ауылының тұрғыны. Мектеп



бітірген соң оқуға түсе алмады. Бір жылдай бос жүрді. Жас жігітті осы жайы ойландыратын. Болашағын ойлаған жас аудан орталығындағы жұмыспен қамту орталығына барды. Мемлекет тарапынан ұсынылған мүмкіндікті пайдаланбақ ниетте екенін білдірді де, қажетті құжаттарын жинап, тапсырды. Бағдарлама арқылы былтырғы жылы мал дәрігері мамандығын алып шықты. Қазіргі уақытта Қожа ауылында мал дәрігері қызметін атқарып жүр.

– Өмірімнің аяқ асты өзгергені қуантады. Бұрындары мен мал дәрігері мамандығы бойынша білім алуды ойламадым да. Ал, қазір бұл мамандықтың заман талабына сай әрі қажетті екенін түсіндім. Осы мамандығым бойынша келешекте жоғары білім алуды да ойлап жүрмін, – дейді Нұрсұлтан Нұрғали.

Осылайша жолы болып, берілген мүмкіндікті пайдаланған жас маманның әлі де жоспарлары көп. Бұл өзге де жастарға үлгі боларлық жағдай емес пе.

Үстіміздегі жылы да оқу курсы жалғасын таппақ.

– Биыл газэлектр дөнекерлеуші, аспаз мамандықтары бойынша 2 адамды қайта даярлау курстарына жібереміз деп жоспарлап отырмыз. Курс аяқталған соң тұрақты жұмысқа орналастырамыз. Бүгінгі күні жеке аудан көлеміндегі кәсіпкерлермен жұмысқа орналастыру келісім шарттары жасалуда, – дейді аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Гүлжанат Тазибекова.

Науырым ауданы.

СУРЕТТЕ: Нұрсұлтан Нұрғали жұмыс барысында.

Сапасы жоғары,



бағасы қолжетімді

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Лисаков қаласындағы "Дон Мар" ЖШС шығарған ауыл шаруашылығы техникасы елімізбен қатар Ресейдің Орынбор, Омбы және Алтай аймақтарында кең танымалдыққа ие болып отыр.

Бүгінде дөңді дақылдарды оғуға және дестелеп жинауға арналған комбайн жатқалары мен тұқым сепкіштерін құрастыратын шарғын кәсіпорын өндіріс көлемін бірнеше есе арттырған. Мәселен, осыдан он бес жыл бұрын зауыт жылына бар жоғы 30 жатқаны құрастырса, былтыр оның 300-ден астамын жасап шығарды. Кезінде қала әкімі Альберт Раудың қолдауымен сонау Канададан келген кәсіпкер, "Дон Мар" ЖШС директоры Дональд Уоллис Қазақстанның ауыл шаруашылығы нарығын жан-жақты зерттеп, жергілікті климат пен топырақ қабатына бейімделген техниканың жаңа түрлерін құрастырып шығаруға әбден машықтанған. Мысалға былтыр тестілеуден сәтті өткен Precision Air Drill тұқым сепкіш машинасы биылғы егістікке сақадай сай тұрса, өнертапқыштың қолынан шыққан Laverda мен Deutz-fahr комбайн жатқалары өз тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Бұл ретте отандық техниканың қолдану қарапайымдылығы мен жайлылығы дөңді дақылдарды себу мен жинауда ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. "Дон Мар" өнімдерінің зор сұранысқа ие болуы мұндағы мамандардың біліктілігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Себебі ұзындығы 34 метрге дейін жететін техника сыр беріп жатса, кәсіпорын беделіне сын. Сондықтан мұндағы 130 жұмысшының барлығы өз ісінің көнігі маманы, техниканы бүге-шүгесіне дейін меңгерген шеберлер.

– Біздің жатқалар мен тұқым сепкіштер басқалардан 2-3 есе арзан болғандықтан тапсырыс берушілер қатары күн санап артуда. Компаниямыз істен шыққан техниканы жөндеу мен қосалқы бөлшектерді жеткізуді де жедел орындайды. Бұл кәсіпорынның табысты болуының кепілі деп білемін, – дейді Дональд Уоллис.

Осыдан бір ай бұрын қалаға жұмыс сапарымен келген аймақ басшысы Нұралы Садуақасов зауыттың аяқалысына оң бағасын беріп, ауыл шаруашылығы жақсы дамыған Тобыл өңірі үшін осындай кәсіпорындардың маңызы зор екенін атаған болатын. Яғни қарапайым шаруагер үшін қолжетімді техника шығаратын "Дон Мардың" болашағы, алар асуы әлі алда. Кәсіпорын басшысы өлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан жұмысшыларды қысқарту жоспарда жоқ дейді. Керісінше зауыт бәсекеге қабілетті өнімдерімен жаңа нарықтарды бағындырып, ел дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырмақ.

Рудный қаласы.

Жаңа учаске – жаңа мүмкіндіктер



инфрақұрылымын салу бойынша жобаны өзірлеп жатыр. Яғни үстіміздегі жылдың ортасына қарай құрылысқа қажетті материалдар сатып алынып, қосалқы тау-кен жабдықтары әкелінбек. Мамандардың есептеуінше, мұндағы темір кенінің қоры қазіргі өндіріс көлемі бойынша 2044 жылға дейін жетеді. Кәсіпорын жаңа учаскедегі темірдің концентратын 49-дан 60 пайызға жеткізіп, фосфор құрамын екі есеге азайтуды көздеп отыр. Бұл өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттырып, жаңа нарыққа шығуына түрткі болатыны сөзсіз.

Айта кетерлігі, мыңнан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған қаладағы ең ірі кәсіпорын былтыр 3,2 млн. тонна өнім өндіріп, жұмысшылардың орташа айлық жалақысын 120 мың теңгеге жеткізді. Жаңа учаскенің игерілуі қала экономикасының қарқынды дамуына оң әсерін тигізіп, кәсіпорынның алдында жаңа мүмкіндіктерді ашпақ. Рудный қаласы.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

"АрселорМиттал Теміртау" АҚ-на қарасты "Өркен" ЖШС-нің Лисаковтағы филиалында ауқымды істер қолға алынды.

Ондағы кен орнында жаңа №5 тау-кен учаскесі ашылды. Жобаның жалпы құны 34,3

млн. доллар. Оның жартысынан астамын биыл игеру жоспарланған. Бұл – кәсіпорынның соңғы он жылдықтағы ең ірі жобасы. Жұмысқа кіріспес бұрын аталмыш жоба тиесілі министрліктердің мақұлдауынан өтіп, Таран ауданы мен қала округы аймағынан 400 гектар жел телімі жалға алынды. Бүгінде кәсіпорын учаскенің

Жас буын Стратегияны қолдайды

Қымбат ДОСЖАНОВА

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ студенттер арасында дебат турнирін өткізді. Пікір сайыс "Қазақстан – 2050 Стратегиясын" дамытудағы жастардың ролі" тақырыбына арналды.

Пікір сайыс "Жастар – Отанға" партиялық жобасы аясында ұйымдастырылды. Іс-шараның қатысушылары "Қазақстан – 2050 Стратегиясының" мән-маңызын, бағытын түсіндіріп, жасыл экономика, "G global" ақпарат алаңы туралы білетіндерін ортаға салды. – Аталған Стратегияның басты міндеті – мемлекетімізді әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосу. Ол үшін бізге бірлесе әрекет ету керек. Мысалға, білім саласын дамытуға "G global" ақпарат алаңының көмегі көп. Жастардың шетелде білім алуына мүмкіндік беріліп отыр. Сондай-ақ, олар тәжірибеден өтіп, оқыту семинарларына қатыса алады. Осының бәрі мемлекеттік қолдаудың арқасында жүзеге асуда, – деді пікірсайысшы Серік Манасбаев.

ҚМПИ-дың студенті Олжас Сансызбаевтың айтуынша, "G global"-қарым-қатынас алаңы, халықаралық виртуалды жоба. Яғни ғаламдық мәселелерді талқылауға баса назар аударылатын алаң. Дебат турнирінде "G global" туралы өзге де пікірлер айтылды. Шара соңында қатысушылар жастардың қоғамдық іс шаралар мен мемлекеттік бағдарламалардың дамуына үлес қосуы керек деген шешімге келді.



ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



● МАҚТАНЫШ

Мен майдангердің шөпшегімін



Елімізге орасан зор ауыртпалық әкелген Ұлы Отан соғысының от шарпуы тимеген шаңырақ жоқ шығар. Бұл соғыстағы жеңіс қазақ халқы үшін төрт жүз мыңға жуық құрбандыққа түсті. Ол соғыста қазақстандық майдангерлер жанкешті қаһармандықтарымен басқа европалық ұлттардың алдында өздерінің ешкімнен кем емес, қандай істе де, кіммен болса да те-

ресезі тең екенін дәлелдеп шықты.

Жеңіс! Осынау жалғыз ауыз сөзде қаншама мағына жатыр. Кез келген істің, қандай күрестің де басты мақсаты жеңіске жету болғанымен, кешегі Ұлы Отан соғысындағы үлкен Жеңістің орны айрықша бөлек. Зарықтырып, сағынтып жеткен Жеңісті жақындата түсуге майданның алдыңғы шебінде от пен оқтың ортасында болған майдангерлермен бірге тыл еңбеккерлері де, майдан даласынан шалғайдағы қарттар мен әйелдер де, буыны бекіп бұғанасы қатпаған балалар да үлес қосқан. Ол сонымен де қастерлі, қасиетті саналады.

Биыл міне, сол Жеңіс күні елімізде жетпісінші рет аталып өтілгелі отыр. «Елдің көркі – ерімен, Отан көркі – жерімен» – дегендей, ел басына қатер төнген жылдары кеудедегі шыбын жаны шыққанша жаумен жаға жыртысқан солдат аталарымыз аз емес, соның бірі – менің ұлы нағашы атам, майдангер, соғыс ардагері – Сартов Сұлтан Сатыбалдыұлы.

1909 жылы Әуликөл ауданы Көктал ауылында дүниеге келген. 1941 жылы әскер қатарына алынып, Хабаровск өлкесіндегі 101-ші сапер батальонына түскен, кейін Манчжурия шекарасында, ал, 1944 жылы тамыз айында Москваға жіберілген. Елге 1945 жылы 17 қарашада аман-есен жеңіспен оралған, бірнеше медальдардың иегері.

1933 жылы сүйген жары Елеуекшқызы Мақыш әжемизбен шаңырақ көтеріп, тату-тәтті 61 жыл отасты. 1994 жылы 95 жасында қайтыс болды.

Мен атаға шөпшек болып келемін, ол кісіні көрген жоқпын, ол кезде менің анам да бала болған. Сұлтан атаның соғыста көрген қиыншылықтарын айтып, майдандас достары туралы әңгімелеп, еске жиі алатынын, ақ көңіл, кішіпейілді, еңбекқор, достарына адал, өз Отанын сүйген нағыз солдат болғанын әжемнің, тәтемнің әңгімелерінен білемін. Сол атамның жақсы істері біздерге үлгі-өнеге болып, қазір де атамды әркез мақтан тұтамын. Әр Жеңіс күні атамның ерлігін мақтаншып айтып отырамыз. Ол кісінің ерлік істері біз үшін де зор мақтаншы.

Біз, жас ұрпақ, ардагер аталарымыздың алдында борыштымыз. Олардың қасық қаны қалғанша күресіп, жаудан аман-есен қалған бейбітшілік құнының баға жеткісіз қымбат екендігін біліп, оны өмір бойы аялап өтеміз. Қазіргі елімізде саусақпен санарлықтай қалған батыр аталарымыздың денсаулығы мықты болып, бейнетінің зейнетін көріп жүре беруге тілектеспін.

Ермек ТӨЛЕГЕНОВ,
Теректі негізгі мектебінің
7-сынып оқушысы

Қарасу ауданы.

СУРЕТТЕ: Сұлтан атам (оң жақтағы)

● ТАҒЫМ

Жауынгердің ұлы еді

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» – дейді дана халқымыз. Мәлік Шаяхметов дүниеден өтсе де, ол енді ел азаматтарының жүрегінде мәңгі сақталмақ. Ел аузында тек қана жақсы сөз қалыпты. Мәкең туралы оны көзкөргендердің барлығы ерекше адамгершілік қасиеттерін баяндап тауыса алмас.

Мәкеңнің тегіндегі қарапайымдылығы, имандылығы мен керемет еңбекқорлығы, туа біткен мәдениеттілігі, салиқалы мінезі оның парасаттылығының негізі еді. Мәлік Бәйекеұлын ел арасында азаматтар атын тура атамай, көбінесе «Мәке» дейтін. Осы төрт әріптен тұратын «Мәке» атауында оған деген жылы лебіз, сый мен құрмет, ризашылық білінетін. Сондықтан да болар, мен де Мәлікті «Мәке» дейтін едім. Біздермен жүздескенде еш нәрсені бүкпей, жасырмай, қалжыңдасып, ағынан жарыла аңқылдап тұратын.

1988 жылы Лисаков қаласында тұратын Тобыл деген туысымыз осы Мәкемен мені жақын таныстырып, артынан жақсы жолдас болып кеткен едік. Ертеректе Мәкеңнің атасы Ораз Тәсұлымен, менің аталарым Меңдібай Таңыбайұлы Ақсирақ өңірінде бірге қоныс теуіп, бір-біріне деген қатынастары жақсы болыпты. Біздің аталарымыз Ақсирақ жерінде жерленген көрінеді.

Бертін келе біз Қостанай қаласында Мәкемен көрші тұрдық. Менің жолдасым Күнсұлуды қай жерде болмасын, атын айтпай еркелетіп «Кассандра» дейтін.

2009 жылы немерелі болып, ырымдап, атын Мәлік қойып едім. Сол бір кездесуде Мәкең: «Әкем Бәйеке – Ұлы Отан соғысының ардагері, Генерал И.В.Панфиловтың 8-гвардиялық дивизиясында әскер қатарында болыпты. Мәлік Ғабдуллин болса, осы дивизияда аға политрук болса керек, жан жолдас болып қырғын соғыстың талай қиыншылықтарын бірге көріпті. Мәлік бастаған атқыштар қайда қиын-қыстау болса, үнемі сонда болыпты. Ол қиын кездерінде ұрысты басқара



алатын шеберлігін де, жеке басының ерлігін де көрсетсе керек. Қарулас інісінің майдандағы ерлігін өз көзімен көрген даңқты Бауыржан Момышұлы да Мәлікті жоғары бағалаған екен. 1942 жылы Новгород облысы Холм қаласының маңында болған қиян-кескі ұрыста әкем жаралы Мәліктің жанына барып: «Мәлік, мына сұрапыл соғыс бітіп, елге аман-есен оралсам, ұлым болса, сендей ержүрек батыр болсын деп, сенің құрметіңе баламның атын Мәлік қоям», – деген екен. Мен туғанда, сол Москва іргесіндегі ұлы шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атағын алған Мәлік Ғабдуллин жолдасының атын маған қойған екен», – деп әңгімесін айтқан болатын. Міне, мен білетін текті тұлға, бекзат Мәкең сол Батыр ағасына тартқан жан еді. Осындай азаматтар ұмытылмай, есімізді әрдайым сақталатын болсын.

Аманкелді МЕҢДІБАЕВ.

Көкшетау қаласы.

СУРЕТТЕ: Мәлік Шаяхметов.

● ЖҮЗДЕСУ

Ардагер өнегесі

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Жамбыл орта мектебінің 5 «В» сынып оқушылары сынып жетекшісі мен мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Оспанованың бастауымен «Сіздерге, алғысымыз шексіз, ардагерлер!» атты мектепішілік тәрбие сағаттарының аясында Ұлы Отан соғысының ардагері Абдолла Есниязовтың үйіне барды. Оқушылардың көкейіндегі сұрақтарға ардагер-атамыз күні кешегі Отан үшін от кешкен сұрапыл соғыс жылдарын есіне ала отырып, әңгімелеп берді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Абдолла Исниязов атамыз Семиозер ауданы Көктал ауылында 1924 жылдың 23 қыркүйегінде дүниеге келген екен.

Семиозер аудандық әскери комиссариатының шақыруымен 1942 жылдың 3 қыркүйегінде қызыл әскер қатарына алынады. Түмен қаласында 316 атқыштар дивизиясының құрамында жарты жыл

әскери дайындықтан өткен соң (аға сержант шенінде) 19 жасар Абдолла Ахметұлы Қырым түбегіндегі Керчь пен Севастополь қалаларын жаудан азат ету соғыстарына қатысады. Ол алғаш рет жау самолеттерінің аспаннан шүйліккенін, бомбалар мен снарядтардың жарылысын естіді. Жас жауынгер өзге де жауынгерлермен бірге қан майданға араласып жүре берді. 1943 жылдың күзінде Волхов майданының құрамында жаудың қоршауында тұрған Ленинград қаласын азат ету соғысына қатысты. Сол кездегі КСРО астанасы Москвадан кейінгі екінші ірі қала Ленинградты жау қоршауынан құтқарғанын қарт жауынгер аса бір үлкен сезіммен, тебіреніспен еске алады.

151-гвардиялық бригаданың аға сержанты Абдолла атамыз 1944 жылдың наурыз айының 8 күні кезекті шабуыл кезінде ауыр жараланады. Соғыс госпитальдарында ұзақ емделіп, сол жылдың күзінде елге оралады.

1945-1947 жылдары Дон өзенінің бойындағы Ростов қаласының ауыл шаруашылық техникумын зоотехник мамандығы бойынша бітірген соң Семиозер, Науырзым аудандарында зоотехник, бөлімше басқарушы сияқты ауыл шаруашылығының әр саласында қызмет атқарады. 1985 жылы зейнеткерлікке шығады. Ұлы Отан соғысының ардагері Абдолла Ахметұлының омырауында талай орден-медальдар бар.

Әңгімесінің соңында Абдолла ата қонақтарға, балаларға ақ батасын берді. Оқушылар да өздерінің тілектерін білдіріп, өлең шумақтарын мәнерлеп оқып, «28 батыр» әнін орындап берді.

Біз келер ұрпақ осындай аталарымыздың бар екенін мақтан тұтамыз. Ұлы жеңіс – Абдолла сынды ардагер аталар ерліктерінің жемісі. Атамызбен өткен кездесудің оқушыларға берер өнегесі мол. Сондықтан әрқашанда аспанымыз ашық, еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, оқушыларымыз білімді де парасатты өз Отанын сүйетін патриот болып өссін дегім келеді.

А. ЖАРҚЫМБАЕВА,
Жамбыл орта мектебі.
Науырзым ауданы.



Ассамблеяның мақсаты – мызғымас татулық

Рудный қаласындағы мемлекеттік тілдегі кітапханада Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Менің елім – Қазақстан» атты көрме ұйымдастырылды. Атына заты сай көрменің көздегені ұлттар арасындағы бірлікті, татулықты, ынтымақты паш ету.

Тәрбиелік мәні зор көрмені Ы.Алтынсарин атындағы әлеуметтік-гуманитарлық колледжінің студенттері мен мектеп оқушылары тамашалады. Сөреге қойылған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жол-

дауы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы», жазушы Ербол Шаймерденовтың «Елтаным» кітабы, Қазақ Халқы Ассамблеясына арналған эмблема, «Қазақстан Республикасының Конституциясы» т.б құнды дүниелер ұлттар достығының айғағы іспеттес. Сонымен қатар, «Қазақстан және әлем елдері» мен «Қазақстан мәдени ошақтары» атты кітаптардың әрбір парағы әр елдің салт-дәстүрін, ұлттық киімдерін дәріптейді.

– Ассамблеяның басты мақсаты мызғымас татулық. «Ұрыс – ырысты қашырап, ынтымақ – ырысты асырап» деген халық даналығынан қалған сөз осы

Ассамблеяның 20 жылдығына дәлме-дәл келіп-ақ тұр. Біздің еліміз татулық мекені, тілге, дінге қарап алаламайды. Ерінбегеннің әрқашан еншісі басым. Ол қай ұлт болса да, Қазақ елін көркейтуге атсалысса, төр соған арналады. 2014 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша елімізде 17 165 236 ұлттардың үлес салмағын да көрмеде жіктеп көрсетіп қойдық. 130-ға жуық ұлт өкілдері тұратыны туралы да сандық мәліметтерді көріп, қызығушылықпен көкейлерінде жүрген сұрауларына да жауап алып жатты, – дейді осы іске мұрындық болған кітапханашы Айша Кайшентаева.

Роза ЖАРҚЫНБЕКОВА.
Рудный қаласы.

«Достықтың мекенісің, Қазақстан»

Татулық – елдің тірегі. Татулықты ту ету біздің бойымызға ата-бабамыздан дарыған қасиет. Дәстүрдің жалғастығын насихаттау бүгінгі еншісіндегі шаруа. Жуырда осының жарқын мысалы ретінде Торғай аграрлық-техникалық колледжінде ағылшын пәнінің оқытушысы Дана Қаражігітованың ұйымдастыруымен «Достықтың мекенісің, Қазақстан» тақырыбында мәдени іс-шара өтті. Іс-шара



Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдық мерейтойы-

на арналған болатын. Мәдени шараға «Нұр Отан» партиясы Арқалық қалалық филиалының төрағасы Нұрлан Хамзин және қарт ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы шақырылды. Колледж студенттері қатысушыларға сұрақтар қойып, пікір алмасты. Достық жөнінде әндер шырқалып, ақындардың жыр шумақтары оқылды. Мұндай игі шаралар оқу ордасында жалғасын таба бермек.

Бағила КЕНЖЕҒАРАҚЫЗЫ.

Тәуелсіздік мұрасы

Еліміздің бейбітшілік пен татулықтың берекелі бекетіне айналуына Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен үлес қосып келеді. Төрағасы Елбасы Н.Ә.Назарбаев болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі бірлік пен келісімнің киелі бесігі, Тәуелсіздіктің қасиетті мұрасы болып отыр. «Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да біздің осы қоғамдық татулығымыз. «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» дейтін даналықтың шындығына бүгінде бәріміздің көзіміз жеткен. Бүгінгі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы осы айтып отырған мемлекетіміздегі тұрақтылық пен тұтастықты сақтаудың берік тұғырына айналды», – деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев.

Ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңесінің негізінде Қостанай облысы әкімінің 1995 жылғы 21 наурыздағы № 27 қаулысымен Қазақстан халқы Қостанай облыстық Ассамблеясы құрылды. 1995 жылы Ассамблея құрамына «Возрождение» неміс қоғамы, «Ен-коди» облыстық корей мәдени орталығы, «Эребуни» армян қауымы, Қостанай облысының ерікті татар, славян қауымы, шешен-ингуш диаспорасының ұлттық мәдени орталықтары, облыстық украин қауымы, облыстық еврей мәдениет орталығы, «Қазақ тілі» облыстық қоғамдық ұйымы кірді. Сонымен қатар облыстық әкімшілік, облыстық мәслихат-депутаттар жиналысы, облыстық Ардагерлер кеңесі, «Надежда» ұлттық мәдени және эстетикалық тәрбие орталығы, облыстық мәдениет басқармасы, облыстық білім басқармасы өкілдері кірді. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаннан кейін ұлттық мәдени орталық өкілдері жемісті жұмыс істеп, бір-бірімен тілдесу, келушілерді қабылдау үшін Қостанайда «Достық үйін» құру туралы мәселесі көтерілді.

Кейіннен, 2006 жылы 7 қыркүйекте ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен облыстың 14 ұлттық мәдени орталығы мен қауымдарының кеңесі орналасқан Достық үйі ашылды.

Жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Ұлттық мейрам – Наурыз және 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі, масленица, сабантой мерекелерін жаппай халық болып тойлау дәстүрге айналды. Бұл да болса еліміздегі қоғамдық келісім мен этносаралық төзімділіктің айқын көрінісі іспеттес. Мемлекет басшысы еліміздегі тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Этносаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттік тіл ел бірлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып танылған. Сондықтан да Ассамблея қызметінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту маңызды орынға ие.

Қысқа уақыт ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық және ұлтаралық төзімділік пен ынтымақтастықты барлық қазақстандықтардың санасына ұялатқаны қоғамдық өмірде анық көрініс тауып отыр. Ассамблеяның ұлттық саясатқа қатысты бастамалары тұрақтылық, түсіністік ұғымдарын халықтың санасына енгізуге айтарлықтай жәрдемдесті. Қазақстан халқы Ассамблеясының арқасында өзге этнос өкілдері мәдениеті мен тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тілін дамытып, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуда. Олар тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына бір кісідей үлесін қосуда. Сондықтан мемлекетіміздегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны жоғары болмақ.

Ажар БАЛТАБАЕВА,
«Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты» ММ мұрағатшысы.

«Татулық, бірлік, келісім – ең асыл іс»



Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Қаладағы облыстық қазақ жасөспірімдер театрында Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің шығармашылық концерті болып өтті. Үстіміздегі жылы жалпы еліміз болып атап өтетін шоқтықты мерейтойларға арналған өнер кешінде колледж ұжымы арнайы көрме де ұйымдастырды.

Сондай-ақ, биылғы жылы колледждің музыка бөліміне 35 жыл толып отыр. Шығармашыл ұжымның жылдық есеп беру концертінде колледж қабырғасында жұмыс жасайтын қазақ ұлт-аспаптар оркестрі, хор ұжымы, қобызшылар, домбырашылар, әншілер мен бишілер киелі сахнаға топ-тобымен шығып, өрісті өнер көрсетті.

Еліміздегі ұлы достықтың көрінісін паш етіп, әр ұлттың әндері айтылып, билері биленді. Жүрек шымырлататын патриоттық әндер шырқалды.

Ел ертеңін тәрбиелеп, тәлімді білім беретін колледждің көшелі концертіне көрермен көптеп жиналды.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Мерекелік шарадан көрініс. Суретті түсірген автор.

Қазақстан – менің елім

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мені небір қиын күндерде де демеп жүретін халықтың қолдауы, Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстардың достығы. Біз қоғамда қалыптасқан саяси тұрақтылықты, ұлттар арасындағы бірлікті, ағайын арасындағы сыйластықты көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз!», – деп атап көрсеткен болатын. Ассамблеяның еліміздегі бірлікті сақтауда маңызды рөл атқарып отыр. Соның арқасында Қазақстанда мекен етіп отырған ұлттар мен ұлыстардың достығы көрініс табуда.

Мен көпұлтты мемлекетіміздің орыс қызымын. Қазақстанда туып-өстім, сондықтан осы елді туған елім деп санаймын. Қазақстан – менің елім. Осы жерде менің балалық шағым өтті. Алғашқы рет қадам басып мектепке бардым. Достарыммен бірге ойнап, жақсылыққа, мейірімділікке үйрендім. Өзім Әуликөлдегі Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназиясының түлегімін, бүгінде осы мектепте мені оқытқан мұғалімдерімнің әріптесімін. Менің мектебім – көпұлтты шағын мемлекет тәрізді. Осы білім ордасында жиырмадан астам ұлттың өкілдері білім алуға. Бір шаңырақ астында бірнеше интернационалдық отбасы өкілдері қызмет етеді.

Өз елін, өзінің кіндік кескен туған жерін, ана сүтімен дарыған

туған тілін сүймейтін адам жоқ. Отан мен үшін тым ыстық. Мен Отанымды мақтан етемін. Өз Отаным деген сүйсіпеншілігім туралы дауыстап айтқым келеді. Көк аспан мен гүлденген жайлауға қуанамын. Достарыммен бірге күліп, ойнағаным да қуанамын. Қазақ халқы әрқашан өз балаларын отансүйгіштікке тәрбиелеген. Үлкендердің: «Бүгінгі жастарға сенуге болмайды, олар өз тарихын, мәдениетін, тілін білмейді» деген сөздеріне таң қаламын. Әрине, әр уақыттың өз азаматтары болады. Мүмкін, осы үлкендерге де солай ата-аналары айтқан шығар.

Келешекте біздің Қазақстан дүниежүзіндегі ең ірі мемлекеттердің қатарына қосылады деп сенемін. Елбасы: «Еліміздің ертеңі сендерсіңдер. Еліміздің болашағы келер ұрпақтың қолында» деген еді. Еліміздің гүлденуі үшін біздің жастар барлық күшін салады. Мен де Отанымның болашағына аз да болса өз үлесімді қосып отырмын.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл. Сондықтан, еліміздегі барша ұлт өкілдеріне мерейтой құтты болсын дегім келеді. Еліміз асықпай, нық қадаммен жүріп, жасай берсін!

Анастасия ЖУКОВА,
С.Баймағамбетов атындағы мектеп гимназиясының мұғалімі.

Әуликөл ауданы.



Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 77 қаулысы

Қостанай облысының мемлекеттік орман қорының аумағында 2015 жылға орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 15-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1726 қаулысымен бекітілген Ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының мемлекеттік орман қорының аумағында

2015 жылға орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің орынбасары Б.Ш. Жақыповқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Облыс әкімі Н. Садуақасов.

Әкімдіктің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 77 қаулысымен бекітілген

Қостанай облысының мемлекеттік орман қорының аумағында 2015 жылға орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ п/п	Іс-шаралардың атауы	Орындалу мерзімі	Орындаушылар
1.	Мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның, демалыс үйлерінің, балаларды сауықтыру лагерьлері мен кәсіпорындарының орман өртімен күреске дайындықтарына бақылау тексерістерін өткізу	Наурыз-мамыр	"ҚР АШМ ОШЖДҚ ҚООШЖДАИ" РММ (келісім бойынша), "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ (келісім бойынша)
2.	Ормандарда, демалыс үйлерінде, балаларды сауықтыру лагерьлерінде жұмыстарды жүзеге асыратын кәсіпорындармен, сондай-ақ орманда жүрген азаматтармен өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына мониторинг қамтамасыз ету	Үнемі	"ҚР АШМ ОШЖДҚ ҚООШЖДАИ" РММ (келісім бойынша), "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ (келісім бойынша), "ҚОЭТРТПРБ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
3.	Орман өрті құрылымдарына және ерікті өрт жасақшыларына жиынтықтауды жүргізу. Жеке құрамды оқытуды өткізу	Наурыз-сәуір	Қалалар, аудандар әкімдіктері, ауыл (село), кент, ауылдық (селолық) округтердің әкімдері, "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ (келісім бойынша), ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
4.	Өртке қарсы қолданылатын техникалар мен жабдықтарды жөндеуден өткізу, нормативтерге сәйкес орман өрт станцияларын өртке қарсы жабдықтармен және техникамен жиынтықтау	Наурыз-сәуір	ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
5.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1726 қаулысымен бекітілген Ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан темір, автомобиль жолдары бойында, орман алқаптары, орман дақылдары, тұрғын үй және өндіріс объектілері маңында минералданған қорғау белдеулерін орналастыруын және жаңартуын қамтамасыз ету	Үнемі	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ, "ҚОЭЖКАЖБ" ММ, "ҚМЖБ" "ҚТЖ" ҰК" АҚФ (келісім бойынша)
6.	Кең пайдаланылатын автомобиль және орман жолдары бойына демалу және шылым шегу орындарын жабдықтау	Үнемі	ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
7.	Өрт қауіп кезеңінде техникалардың өтуіне және адамдардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына күшейтілген бақылауды қамтамасыз ету	Өрт қауіпі бар маусымда	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, "ҚР ІІМ ҚОІІД" ММ (келісім бойынша), ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
8.	Орман шаруашылығы, орманшылық кеңселерінде демалыс және мереке күндері жауапты қызметкерлерден тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру, сондай-ақ орманшылықтарды, кордондарды үздіксіз байланыспен қамтамасыз ету	Өрт қауіпі бар маусымда	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
9.	Жер үсті күзету маршруттарының сызбаларын, өрт қауіптілігінің класына байланысты постардың, адамдар, көліктер, өртке қарсы жабдықтар мен су қоймаларының орналасу сызбаларын әзірлеу және бекіту	Өрт қауіпі бар маусым басталғанға дейін	ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
10.	Орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемелерінде орман өрттері туралы хабарларды қабылдау пункттерін жабдықтау, жолдарда олардың қайда орналасқаны туралы және хабарлаудың мүмкін тәсілдері туралы белгі көрсеткіштерін қою	Өрт қауіпі бар маусымда	ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
11.	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ, "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ бірлесіп орман өрт станциялар, мемлекеттік орман қорғау қызметкерлерінің, ерікті өрт жасақшылары мүшелеріне өртке қарсы ережелерді, орман және дала өрттерін сөндіру әдістері мен	Наурыз-сәуір	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ, "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ (келісім бойынша)

12.	Орман және дала өрттерін сөндіруге арналған күштер мен құрал жабдықтарды қолданудың жоспар - іс әрекеттерін үйлестіру және нақтылауды өткізу	Өрт қауіпі бар маусым басталғанға дейін	Қалалар, аудандар әкімдіктері, "ҚОЭТРТПРБ" ММ, "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ (келісім бойынша)
13.	Өрт-тактикалық жаттығуларды жүргізе отырып орман өрттерін сөндіруге қатысушылардың басқарушы буынымен штабтық жаттығу өткізу	Сәуір-мамыр	Қалалар, аудандар әкімдіктері, "ҚОЭТРТПРБ" ММ, "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ, "ҚМЖБ" "ҚТЖ" ҰК" АҚФ (келісім бойынша), ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
14.	Ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерді өңдеу және басқа ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізген кезде орманда химиялық заттардан зақымдауды болдырмау үшін нормативтер мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету	Өрт қауіпі бар маусымда	Қалалар, аудандар әкімдіктері, "ҚОЭАШБ" ММ (келісім бойынша), "ҚР АШМ ОШЖДҚ ҚООШЖДАИ" РММ (келісім бойынша), ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
15.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1726 қаулысымен бекітілген Ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес мемлекеттік орман қоры жерлері мен орман қорына тікелей жақын орналасқан учаскелерде шөптерді, бұталарды, аңыздар мен өсімдік қалдықтарын өртеуге тыйым салудың сақталуын қамтамасыз ету	Өрт қауіпі бар маусымда	Қалалар, аудандар әкімдіктері, "ҚОЭАШБ" ММ (келісім бойынша), ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
16.	Қалалар мен аудандардың төтенше жағдайлар жоспарының талаптарына сәйкес қызметтерді қамтамасыз ету және өрт сөндіруге тікелей қатысқан көліктерді құю үшін жанар-жағар май материалдарының резервін құруды қамтамасыз ету	Өрт маусымында	Қалалар, аудандар әкімдіктері
17.	Ормандарды сақтау мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарда үнемі жариялауды ұйымдастыру, сондай-ақ тұрғындар, оқушылар, орманда жұмыс істейтіндер, балалар лагері мен демалыс үйлеріндегі жұмысшылар арасында өртке қарсы жүйелі насихаттауды жүргізу	Үнемі	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, "ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ (келісім бойынша), "ҚОЭББ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
18.	Қазіргі уақытта өрт қауіпі бар жөнінде ескертетін мезгіл-мезгіл жаңартылатын плакаттар, өртке қарсы тақырыпқа ормандарда, тұрғындар көп келетін орындарда, орман массивтер арқылы өтетін авто жолдарда, шипажай мен демалыс үйлердің жанында плакаттар мен аншлағтардың орнатуын қамтамасыз ету және ресімдеу	Сәуір-мамыр	ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ
19.	Орман өрттерін сөндіру үшін келіп жатқан күштер мен құралдарды өз құзыреті шегінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшімен қозғалыстың реттеуін және ұйымдастыруын қамтамасыз ету	Өрт маусымында	"ҚР ІІМ ҚОІІД" ММ (келісім бойынша)
20.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1726 қаулысымен бекітілген Ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілерге мемлекеттік орман қорының учаскелерінде өртке қарсы іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру	Өрт қауіпі бар маусым басталғанға дейін	"ҚОЭТРТПРБ" ММ, ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ

ЕСКЕРТУ:

"ҚР ІІМ ҚОІІД" ММ – "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі

"ҚР ІІМ ТЖК ҚОТЖД" ММ – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Қостанай облысы төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесі

"ҚОЭББ" ММ – "Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

"ҚОЭАШБ" ММ – "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі

"ҚОЭТРТПРБ" ММ – "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

"ҚОЭЖКАЖБ" ММ – "Қостанай облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі

ҚОЭТРТПРБ "ОШМ" КММ – Қостанай облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

"ҚР АШМ ОШЖДҚ ҚООШЖДАИ" РММ – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі

"ҚМЖБ" "ҚТЖ" ҰК" АҚФ – "Қостанай магистралдық желі бөлімшесі" – "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының филиалы

Постановление акимата Костанайской области от 3 марта 2015 года № 77

Об утверждении плана мероприятий по профилактике лесных пожаров и борьбе с ними на территории государственного лесного фонда Костанайской области на 2015 год

В соответствии с подпунктом 3) статьи 15 Лесного кодекса Республики Казахстан от 8 июля 2003 года, Правилами пожарной безопасности в лесах, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2011 года № 1726 акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемый план мероприятий по профилактике лесных пожаров и борьбе с ними на территории государственного лесного фонда Костанайской области на 2015 год.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Костанайской области Жакупова Б. Ш.

3. Настоящее постановление вводится в действие после дня его первого официального опубликования.

Аким области **Н. Садуакасов.**

Утвержден постановлением акимата от "3" марта 2015 года № 77

План мероприятий по профилактике лесных пожаров и борьбе с ними на территории государственного лесного фонда Костанайской области на 2015 год

№ п/п	Наименование мероприятий	Срок исполнения	Исполнители
1	2	3	4
1.	Провести контрольные проверки готовности к борьбе с лесными пожарами в коммунальных государственных учреждениях лесного хозяйства, государственных коммунальных предприятиях, домах отдыха, детских оздоровительных лагерях и предприятиях, размещенных на территории государственного лесного фонда	Март - май	РГУ "КОТИЛХЖМ КЛЖМ МСХ РК" (по согласованию), ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" (по согласованию)
2.	Обеспечить мониторинг за соблюдением требований пожарной безопасности организациями и предприятиями, осуществляющими работы в лесах, домах отдыха, детских оздоровительных лагерях, а также гражданами, находящимися в лесу	Постоянно	РГУ "КОТИЛХЖМ КЛЖМ МСХ РК" (по согласованию), ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" (по согласованию), КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
3.	Провести комплектацию лесопожарных формирований и добровольных пожарных дружин. Провести обучение личного состава	Март - апрель	Акиматы городов, районов, акимы аулов (сел), поселков, аульных (сельских) округов, ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" (по согласованию), КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
4.	Провести ремонт противопожарной техники и инвентаря, доукомплектовать лесные пожарные станции противопожарным инвентарем и техникой согласно нормативам	Март -апрель	КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
5.	Обеспечить устройства и обновление защитных минерализованных полос вдоль железных, автомобильных дорог, вокруг лесных массивов, лесных культур, жилых и производственных объектов, расположенных на территории государственного лесного фонда, согласно Правилам пожарной безопасности в лесах, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2011 года № 1726	Постоянно	ГУ "УПРРПАКО", КГУ "УЛХ" УПРРПАКО, ГУ "УПТАДАКО", ФАО "НК "КТЖ" "КОМС" (по согласованию)
6.	Оборудовать вдоль автомобильных, и широко используемых лесных дорог места для отдыха и курения	Постоянно	КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
7.	Обеспечить усиленное наблюдение за проездом техники и нахождением людей на территории государственного лесного фонда в пожароопасный сезон	В течение пожароопасного сезона	ГУ "УПРРПАКО", ГУ "ДВДКО МВД РК" (по согласованию), КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
8.	Организовать круглосуточные дежурства ответственных работников в выходные и праздничные дни при конторах лесхозов, лесничеств, а также обеспечить бесперебойной связью лесничества, кордоны	В течение пожароопасного сезона	ГУ "УПРРПАКО", КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
9.	Разработать и утвердить схемы маршрутов наземного патрулирования, схемы расположения постов, размещение людей, техники, противопожарного инвентаря и водоемов в зависимости от класса пожарной опасности	До начала пожароопасного сезона	КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
10.	В коммунальных государственных учреждениях лесного хозяйства оборудовать пункты приема донесений о лесных пожарах, на дорогах выставить указатели о местах их нахождения и возможных способах оповещения	В течение пожароопасного сезона	КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
11.	ГУ "УПРРПАКО", КГУ "УЛХ" УПРРПАКО совместно с ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" организовать теоретические и практические занятия работников лесных пожарных станций, государственной лесной охраны, членов добровольных пожарных формирований	Март - апрель	ГУ "УПРРПАКО", КГУ "УЛХ" УПРРПАКО, ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" (по согласованию)

	и пожарных частей противопожарным правилам, методам и способам тушения лесных и степных пожаров		
12.	Провести корректировку и отработку планов - взаимодействия по привлечению сил и средств на тушение лесных и степных пожаров	До начала пожароопасного сезона	Акиматы городов и районов, ГУ "УПРРПАКО", ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" (по согласованию)
13.	Провести штабную тренировку руководящего звена, участвующего в тушении лесных пожаров, с проведением показательного пожарно-тактического учения	Апрель-май	Акиматы городов и районов, ГУ "УПРРПАКО", ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК", ФАО "НК "КТЖ" "КОМС" (по согласованию), КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
14.	Обеспечить соблюдение всех нормативов и правил для предотвращения повреждения леса химическими веществами при обработке полей сельскохозяйственных культур и проведении других сельскохозяйственных работ	В течение пожароопасного сезона	Акиматы городов и районов, ГУ "УСХАКО" (по согласованию), ГУ "УПРРПАКО", РГУ "КОТИЛХЖМ КЛЖМ МСХ РК" (по согласованию), КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
15.	Обеспечить соблюдение запретов, установленных Правилами пожарной безопасности в лесах, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2011 года № 1726, на выжигание травы, кустарников, стерни и растительных остатков на землях государственного лесного фонда и на участках, непосредственно примыкающих к лесному фонду	В течение пожароопасного сезона	Акиматы городов и районов, ГУ "УСХАКО" (по согласованию), КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
16.	Обеспечить создание резерва горюче-смазочных материалов для заправки транспорта, непосредственно участвующего в тушении пожара, и служб обеспечения, согласно требованиям планов чрезвычайных ситуаций городов и районов	В период пожаров	Акиматы городов и районов
17.	Организовать регулярное освещение в средствах массовой информации вопросов сбережения лесов, а также систематически проводить противопожарную пропаганду среди населения, школьников, рабочих, занятых в лесу, в детских лагерях и домах отдыха	Постоянно	ГУ "УПРРПАКО", ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" (по согласованию), ГУ "УОАКО", КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
18.	Оформить и обеспечить установку в лесах, наиболее посещаемых местах населением, на автодорогах через лесные массивы, вблизи санаториев и домов отдыха плакатов и аншлагов на противопожарную тематику, периодически обновляемых плакатов, предупреждающих о пожарной опасности в данное время	Апрель-май	КГУ "УЛХ" УПРРПАКО
19.	Обеспечить силами сотрудников органов внутренних дел регулирование и организацию движения в пределах своей компетенции прибывающих сил и средств для тушения лесных пожаров	В период пожаров	ГУ "ДВДКО МВД РК" (по согласованию)
20.	Государственным лесовладельцам разработать и реализовать планы противопожарных мероприятий на участках государственного лесного фонда в соответствии с Правилами пожарной безопасности в лесах, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2011 года № 1726	До начала пожароопасного сезона	ГУ "УПРРПАКО", КГУ "УЛХ" УПРРПАКО

ПРИМЕЧАНИЕ:

ГУ "ДВДКО МВД РК" – Государственное учреждение "Департамент внутренних дел Костанайской области Министерства внутренних дел Республики Казахстан"

ГУ "ДЧСКО КЧС МВД РК" – Государственное учреждение "Департамент по чрезвычайным ситуациям Костанайской области Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан"

ГУ "УОАКО" – Государственное учреждение "Управление образования акимата Костанайской области"

ГУ "УСХАКО" – Государственное учреждение "Управление сельского хозяйства акимата Костанайской области"

ГУ "УПРРПАКО" – Государственное учреждение "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области"

ГУ "УПТАДАКО" – Государственное учреждение "Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Костанайской области"

КГУ "УЛХ" УПРРПАКО – Коммунальные государственные учреждения "Учреждения лесного хозяйства" Управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области

РГУ "КОТИЛХЖМ КЛЖМ МСХ РК" – Республиканское государственное учреждение "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан"

ФАО "НК "КТЖ" "КОМС" – Филиал акционерного общества "Национальная компания "Казахстан темір жолы" – "Костанайское отделение магистральной сети"

● ЖЫР ЖАҢАЛЫҒЫ

Жақында Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі ақын әрі сыншы Жұма-Назар Сомжүректің «Сарыарқа сазы» атты өлеңдері мен поэмаларының және басқа шығармаларының көлемді қос томдығының тұсау кесері Астана қаласындағы «Тілеп-қобыз» сарайында өткізіліп, ол поэзия-жыр тойына ұласты. Жыр мерекесінің бірінші бөлімінде ақынның өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, жырлары көркемдеп оқылып, ара-арасында күйлер күмбірлеп жиналған көрермен қауымның

жататын ойнақылық ерекшеліктерін айтып, жоғары бағалады. Атап айтқанда, сыншы, сөз өнерінің білгірі, Л.Гумилов атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Серік Негимов, ҚР парламент мәжілісінің депутаттары: жазушы Алдан Смайлов, Абай Тасболатов, Рамазан Сарпеков және ғалым һәм мемлекет қайраткері Әділ Ахметов, экс депутат Әбілмәжін Бәкір, ақындар Айнұр Әбдірәсілқызы мен Әбжан Әбілтаевтар өз сөздерінде Сомжүректің «Сарыарқа сазы» қос томдығындағы өлең-



«Сарыарқа сазы» – жерлесіміздің жинағы

құлақ құрышын қандырды. Жыр мерекесіне осы «Тілеп-қобыз» сарайында құрылған, атағы алысқа жайыла бастаған «Көк түріктер» халық аспаптары оркестрі қызмет көрсетті. Осы концерт үстінде ақын жырларына шығарылған Торғайлық талантты сазгерлер Қалибек Деріпсалдин, Айтбай Мұздақанов, Балхаш Нақанов және Қайыржан Мақановтың бірнеше тамаша әндерінің тұсауы кесілді. Ол әндерді Астана опера-балет театрының жетекші солисті, бірнеше халықаралық конкурстардың жеңімпаз лауреаты Сүндет Байғожин, Астана филармониясының әншісі Сымбат Тасбергенова және Нұрболат Арзамасұлы сынды жас таланттар орындап, жаңа әндердің бағын жандырып жолын ашты.

Жыр мерекесінің екінші бөлімінде әдебиет сыншылары мен ақындар және өлең түсініп сүйсініп оқитын елге белгілі тұлғалар сөз алып, Сомжүрек өлеңдерінің мәнділігі мен маңыздылығын, көркемдігін, сезімді қозғап жүрекке жетіп

дердің қазіргі қазақ поэзиясы сапынан ойып тұрып өз орынын алатынын қадап айтты.

Осынау жыр кешінде ерекше есте қалатын көрініс болды. Парламент депутаты, генерал-лейтенант Абай Тасболатов: «Жүке, мен сіздің «Сарыарқа сазы» қос томдығыңыз қолыма тигелі оны бас ала алмай сүйсіне оқып, ақындығыңызға әбден риза болдым. Өлеңдеріңіз шетінен тамаша! Әсіресе, қыздар мен аруларға арнаған жырларыңыз бен поэмаларыңызды қайта-қайта оқи бергің келеді. Табиғат құбылыстары мен тамашаларын суреттеген өлеңдеріңіз де өлең түсінетін оқырмандарыңызды еріксіз сүйсінтері сөзсіз!..» дей келіп: «Мен әскери генерал болсам, сіз поэзия маршалы екенсіз, алдыңызда тік тұрып честь беремін!» деп, тіп-тіке тұрып, қолын шекесіне қойып, құрмет көрсетті.

Мына көрініс, шынында да, жан толқытар көрініс болды. Ол оқырмандардың ортақ ойын, ақынға ортақ құрметін білдіріп, жинақтан берді десек керек. Сөй-

леушілердің қай-қайсысы да Жұма-Назар жырларының шынайылығын, ал өзінің қарапайым көрінгенімен өмірде көсемсөздерімен үнемі проблемалар көтеріп жүретін күрескер тұлға екенін айтып, ақынның мерейін өсіріп, көңілін тасытты. Сөйтіп, поэзия-жыр кеші мерекесіне жиналған көрермен-тыңдармандар мол рухани азық арқалап қайтты.

Мына нарық заманында әр томы 35 баспа табақ жыр жинақ шығару қай ақынға да қиын. Бұл «Сарыарқа сазы» қос томдығы Шымкенттік елге белгілі меценат кәсіпкерлер ағайынды Сейтжановтар Серікжан мен Әлімжанның демеушілігімен Астанадағы «Сарыарқа» баспасынан ерекше көркемделіп, жаңаша дизайнмен безендіріліп жарық көрген. Автор да, жыр кешіне жиналғандар да оларға ақ алғыстарын жаудырды. Сөйтіп, Сомжүректің «Сарыарқа сазы» қос томдық жыр жинағы оқырмандарға жол тартты. Жолы болғай деп тілейміз!

Төлемырза ТЕМІРБЕКҰЛЫ,
журналист, «Төртінші билік» газетінің редакторы.
Астана қаласы.

● «НАУРЫЗ БАТА» БӘЙГЕСІНЕ

Басымыздан бақ кетпесін!

Аузымыздан ағарған ақ кетпесін,
Тақымымыздан тұғырлы тақ кетпесін!
Ұрпағымыз ұлағатты болып,
Басымыздан баянды бақ кетпесін!

Наурыз таңы шуақты болсын,
Тәуелсіздік тұғырлы, тұрақты болсын!
Көркейіп қала, гүлденіп ауыл,
Қазақ елі қуатты болсын!
Аумин!

Абай ҚАЖИ,

отставкадағы полиция подполковнигі.
Әулікөл ауданы.

Наурыз қандай ай?

Бұл айда күн жылынып, малдар төлдей бастайды. Наурыздың соңғы айында өкпек жел соғып, қар күрт еріп, жер лайсаң болып, жолдар бұзылады. Мұны ел «аласапыран» болмаса «бес қонақ» дейді.

Наурыз айында атан түйені жығар қара суығы, көктемнің қар ерітер «алтын күрек» өкпек желі соғады.

Құс қанаты – наурыз айының соңында қар мен жаңбыр араласып жауатын кезең. Борандатып жел тұрып, лег-легімен алыстан ұшып келе жатқан мыңдаған құстың сусылы секілді болғандықтан атам қазақ осылай атаса керек.

Қар еріп, жер қарая бастаған шақты «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» деп те жатады. Таңғы салқынмен жер мүйіздей қатып жатса, күн көтеріле киіздей езіліп шыға келеді.

Осы айда әдемі қиыршық қар түседі, оны наурызша дейді.

«Бес қонақ» оңтүстік өңірлерде наурыз айының аяғында келсе, бізге сәуірде жетеді. Бұл атауға қатысты да талас та бар. Бірі бес күн салқын болады десе, екіншілері бес адам осы салқында жолға шығып, адасып кеткен екен деседі. Атауы дау тудырса да суығы дау тудырмайтын «бес қонақ өтпей» қыс кетті деу қиын.

«Бесқонақ» – туралы бірер сөз

«Бесқонақ» – байырғы қазақ күнтізбесінде қолданылып келген, жыл айларынан тыс алынатын бес күн. Нақты астрономиялық жылдың ұзақтығы бүтін күн санымен өрнектелмейді. Ол жуық түрде 365,24 тәулік (яғни 365 күн 6 сағат) деп есептеледі. Тәуліктің ширегін жыл сайын күнтізбеге енгізіп отыру қолайсыз. Сондықтан қазіргі қолданылып жүрген Григорян күнтізбесінде бұл ширектерден 4 жылда 1 күн құралатындығы ескеріліп, әрбір 4 жылдың алдыңғы үшеуі 365 күннен, төртіншісі 366 күн болып алынған. Ал әрқайсысы 30 күндік 12 айдан тұратын қазақ күнтізбесінде 360 күн болды. Жыл толық болу үшін оған 5 (кібісе жылдары 6) күн қосу керек. Аптаға толмайтын осы 5 күнді қазақ халқы «Бесқонақ» деп атаған. Айлардан тыс алынатын мұндай күндер басқа халықтарда да болған. Мысалы, б.з.б. 4-мыңжылдықта Мысырда 360 күннен кейін қосылатын 5 күнді құдайлар атымен (Осирис, Гор, Сет, Исида және Нефтида) атаған. Ежелгі парсы күнтізбесінде қосалқы 5 күн «фәнджи» немесе «андаргах» («ұрланып кіретін») не «кетікті толтыратын») деп аталған. Фәнджи парсылардың 8- және 9-айының аралығына қойылған. Ежелгі соғда мен Хорезм күнтізбелерінде де қосалқы күндер болған. Байырғы қазақ күнтізбесінде «Бесқонақ» үнемі жыл аяғына қосылып отырған.

Қазіргі күнтізбе бойынша «Бесқонақ» жыл сайын 17 наурыздан (кібісе жылдары 16 наурыздан) 21 наурызға дейінгі аралыққа келіп отырады.

Жиған-терген Г.САФИТОВА.

● КОНЦЕРТ

«Сағындым, ана, даусыңды»

Міне, осындай атаумен Қостанай мен Рудный қалаларында Халық әртісі, Халық қаһарманы, аты аңызға айналған әнші Роза Бағланованы еске алу концерттері өтеді. Оған Қазақстанның халық әртістері Нұрғали Нүсіпжанов, Сара Тыныштығұлова және де басқа өнер шеберлері қатысады.

Қостанайда концерт Балалар шығармашылығы үйінде (бұрынғы Пионерлер сарайы) 13 наурыз күні сағат 19-да, Рудныйда оқушылар шығармашылық үйінде 14 наурыз күні сағат 15-те басталады.

Ақпараттық демеушісі – облыстық «Қостанай таңы» газеті.



Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректор: 54-39-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
А – ақпалы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г күлігі берілген.

Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. Бағасы келісім бойынша.